

ҚРҰБ Төрағасы Е.А. Досаевтың
Мемлекет басшысының қатысуымен болатын
Үкіметтің кеңейтілген отырысындағы баяндамасы
2021 жылғы 26 қаңтар

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Коронавирус пандемиясынан туындаған бұрын-соңды болмаған дағдарыс жағдайында Ұлттық Банк Үкіметпен және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп **макроэкономикалық тұрақтылықты** қамтамасыз ету және **Сіз қойған міндеттерге қол жеткізу үшін уақытылы шаралар** қабылдады.

(ҚРҰБ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫСЫ)

2020 жылы Ұлттық Банктің негізгі күш-жігері келесі мақсаттарға қол жеткізуге бағытталды:

1. Ақша-кредит саясаты инфляцияның өсуін Сіз белгілеген **8-8,5%** деңгейінің шегінде ұстап тұруға бағытталды. 2020 жылдың қорытындысы бойынша **инфляция 7,5%** болды.

2. Ұлттық Банк **валюта нарығында тұрақтылықты** қамтамасыз етті. **Теңгедегі активтерді қорғау** мақсатында алыпсатарлыққа жол бермеу және шетел валютасының ұсынысын қолдау бойынша шаралар кешені қабылданды.

3. Ұлттық Банк **қаржы нарығын дамытуға және кірістілік қисығын құруға** жәрдем көрсетті. Үкіметпен бірлесіп ақша нарығындағы артық өтімділік бюджет тапшылығын қаржыландыруға бағытталды. Бұл ретте мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымдарындағы **нарық қатысушыларының үлесі 3,8%-тен 32,7%-ке дейін ұлғайды.**

(ҚРҰБ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫСЫ)

4. Сіздің **экономикалық белсенділікті қолдау бойынша дағдарысқа қарсы бастамаларыңызды** іске асыру үшін Ұлттық Банк **2,3 трлн** теңгеге дағдарысқа қарсы шараларды қаржыландырды, бұл дағдарысқа қарсы жалпы қаржының **50%-тен астамын** құрайды.

5. 2020 жылы жоғары нарықтық құбылмалылыққа қарамастан, Ұлттық Банктің **басқаруымен активтердің жоғары кірістілігі қамтамасыз етілді**. Ұлттық қордың кірістілігі **7,6%**, **зейнетақы активтерінің** кірістілігі - **10,9%** болды, бұл инфляциядан **3,4%-ке** жоғары.

6. Пандемия және электрондық қызметтерге сұраныстың өсуі жағдайында Ұлттық Банк **цифрландыру мен қаржылық технологияларды** белсенді түрде дамытты. Цифрлық қызметтер үлесін арттырған жаңа сервистерді енгізумен бірге Ұлттық Банк қаржылық технологиялар мен ұлттық төлем жүйесін дамытуға бағытталған бірқатар стратегиялық құжаттарды қабылдады.

(2020 ЖЫЛҒЫ ЖАҢАНДЫҚ РЕЦЕССИЯ)

Пандемия Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі **ең терең құлдырауды** бастай отырып, барлық елдердің экономикасына әсер етті. Халықаралық валюта қорының болжамдары бойынша 2020 жылдың қорытындысы бойынша әлемдік экономиканың қысқаруы **4,4%-ті** құрайды. Негізгі дамушы елдердің ішінде экономиканың өсуі жалпы ішкі өнімі **Қытайда ғана** өскен – **2,3%-ке**, бірақ онда соңғы **45** жылдағы ең төменгі мән тіркелді.

2021 жылы әлемдік экономиканың **5,2%**-ке дейін қалпына келуі күтілуде, алайда тұрақсыз эпидемиологиялық жағдайға, сондай-ақ вакциналау процесінің жылдамдығы мен тиімділігіне байланысты **неғұрлым баяу қалпына келу** тәуекелі сақталуда.

(ҚР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҚАЛПЫНА КЕЛУІ)

Қазақстанда 2020 жылдың қорытындысы бойынша жалпы ішкі өнімнің қысқаруы **2,6%** болды, бұл Сіздің тапсырмаңыз бойынша **қабылданған дағдарысқа қарсы бұрын-соңды болмаған шаралардың** арқасында жалпы әлемдік құлдыраудан (**4,4%**) айтарлықтай төмен.

2020 жылдың 2-ші тоқсанында рекордтық құлдыраудан кейін **іскерлік белсенділік** дағдарысқа дейінгі деңгейге қарай қалпына келуде. Ұлттық Банктің болжамы бойынша, 2021 жылдың 2-ші тоқсанынан бастап Қазақстан экономикасы оң траекторияға шығады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша мұнай бағасы бір баррель үшін **45 АҚШ доллары** болған кезде **3,7-4,0%** деңгейінде өседі деп күтіледі.

(АКС ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ)

2021 жылы Ұлттық Банк инфляцияны ағымдағы **7,5%** деңгейінен **4-6%** нысаналы дәлізіне қайтару міндетін қойып отыр. Орта мерзімді перспективада бұл Сіздің Nur Otan партиясының XX съезінде айтқан инфляцияның **3-4%**-тік мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бұл үшін Ұлттық Банк Сіздің тапсырмаңыз бойынша мемлекеттің макроэкономикалық саясатының тиімділігін арттыру бойынша жүйелі шаралар көзделетін **Ақша-кредит және макроэкономикалық саясатының 2030 жылға дейінгі**

стратегиясын әзірледі.

(ВАЛЮТАЛЫҚ САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУ)

2020 жылы Қазақстанның **валюта нарығы** күрделі күтпеген өзгерістерді бастан өткерді. Жаһандық пандемия және шикізат нарықтарындағы күтпеген өзгерістер 2020 жылғы наурызда теңге бағамының **17%-ке 448,5 теңгеге** дейін әлсіреуіне әкелді.

Осының аясында Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп, ішкі валюта нарығында тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша **шаралар кешенін қабылдады.**

Жоғарыда аталған шаралардың арқасында теңгенің айырбастау бағамы әлсіреуін біршама өтеп, 2020 жылдың соңына қарай **6,1%-ке 420,91** теңгеге дейін нығайды. Нәтижесінде **дамушы нарықтар валюталарының** айтарлықтай **әлсіреуі** аясында теңгенің бағамы бір жыл ішінде тек **10%-ке** төмендеді.

2021 жылы **өзгермелі бағам** режимін нығайту және Ұлттық қордың активтерін конвертациялау және нарықтың құбылмалылығын реттеу операцияларын жүргізу кезінде **нарықтық қағидаттарды** сақтау бойынша одан әрі шаралар қабылданатын болады.

(ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ)

2015 жылдан бері байқалған **төлем балансының созылмалы тапшылығы** сыртқы жағдайлардың нашарлауы аясында күшейе түсті. Нәтижесінде 2020 жылдың қорытындысы бойынша импорттың қалпына келуі мен шетелдік инвесторлар кірісінің төленуіне байланысты ағымдағы жылы **(-)5,7 млрд АҚШ доллары** деңгейінде

тапшылық күтілуде, ол ағымдағы жылы **(-)6,5 млрд АҚШ** долларына дейін артады.

(ҰЛТТЫҚ ҚОР)

2020 жылы **Ұлттық қордың активтері 4,8 трлн** теңге сомасындағы **трансферттердің** рекордтық көлеміне және 2019 жылмен салыстырғанда **түсімдердің 2 еседен** астам қысқаруына байланысты **58,74 млрд АҚШ** долларына дейін **3,1 млрд АҚШ** долларына төмендеді.

Нарықтың жоғары құбылмалылығына қарамастан **Ұлттық қордың инвестициялық кірісі** оң болып, **4,15 млрд АҚШ** долларын немесе **7,56%-ті** құрады.

Дамушы елдер облигацияларының, корпоративтік облигациялар мен акциялардың үлесін ұлғайту есебінен **кірістілікті** одан әрі **арттыру** Ұлттық Банктің Ұлттық қордың активтерін басқару жөніндегі 2021 жылғы негізгі міндеті болады.

(АЛТЫНВАЛЮТА АКТИВТЕРІ)

Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтері 2020 жылы **6,7 млрд АҚШ** долларына ұлғайып, **35,7 млрд АҚШ** долларына жетті. Алтын портфелі **4,7 млрд АҚШ** долларына өсіп, 2020 жылдың соңында **388 тоннаны** құрады.

Алтынвалюта резервтерінің құрамындағы **еркін конвертацияланатын валютадағы активтер** бір жыл ішінде **2 млрд АҚШ** долларына ұлғайып, **12,1 млрд АҚШ** долларына дейін өсті.

Жалпы алғанда, **Ұлттық қордың активтерін** қосқанда, Қазақстанның **халықаралық резервтері** 2020 жылы **3,6 млрд АҚШ** долларына ұлғайып, **94,4 млрд АҚШ** долларын

құрады.

(БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ)

2020 жылы **зейнетақы активтері 12,9 трлн** теңгеге дейін ұлғайды, **7,5%-тік** инфляциямен салыстырғанда **кірістілік 10,9%** мөлшерінде қамтамасыз етілді.

2020 жылы **есептелген** инвестициялық кіріс мөлшері **1,3 трлн** теңге болды, бұл 2019 жылмен салыстырғанда **563 млрд** теңгеге немесе **80,4%-ке** артық. Бұл ретте инвестициялық кіріс көлемі **1,1 трлн** теңгені құраған зейнетақы жарналарының сомасынан **асып түсті**.

Ұлттық Банктің бастамасымен Сіз қол қойған заңнамаға түзетулерде 2021 жылдан бастап Ұлттық Банк комиссиясының **шекті мөлшері** инвестициялық кірістің **7,5%-інен 2,0%-іне** дейін **3,8 есе**, сондай-ақ зейнетақы қорының шекті комиссиясы **жылына 0,30%-тен 0,12%-ке** дейін **2,5 есе** төмендетілді.

2021 жылы қаражатты мерзімінен бұрын алу бойынша салымшылар алдындағы **міндеттемелерді уақтылы орындау**, сондай-ақ зейнетақы активтері бойынша **тұрақты кірістілікті қамтамасыз ету** үшін қажетті шаралар қабылданатын болады.

(ДЕПОЗИТТЕР)

Банк жүйесіндегі **депозиттер** 2020 жылы **22,1 трлн** теңгеге дейін **16,1%-ке** ұлғайды. **Ұлттық валютадағы** салымдар **28,0%-ке** немесе **3 034,8 млрд** теңгеге, шетел валютасында – **0,4%-ке** немесе **33,3 млрд** теңгеге өсті.

Пандемия басталғанда **базалық мөлшерлеме бойынша шешімдердің жедел болуы** теңгелік активтерге

сұраныстың төмендеу қаупін шектеуге және бағамның шамадан тыс әлсіреуінің алдын алуға мүмкіндік берді. Наурызда **46,7%**-ке күрт көтерілгеннен кейін **долларландыру 2013 жылдан бергі** ең төменгі деңгей – **37,3%**-ке дейін төмендеді.

(ЭКОНОМИКАНЫ КРЕДИТТЕУ)

Экономикаға кредиттер 2020 жылы ұзақ мерзімді кредиттердің өсуі (12,5 трлн теңгеге дейін 5,7%-ке) нәтижесінде 14,62 трлн теңгеге дейін 5,5%-ке ұлғайды.

Ақша-кредит талаптарының **жеңілдеуіне** қарай және экономиканы қолдау бағдарламалары есебінен экономиканың нақты секторына кредиттік ресурстардың құны **11,4%-ке** (2019 жылғы желтоқсанда – **12,1%**), оның ішінде **қысқа мерзімді кредиттер бойынша – 11,4%-ке (11,9%), ұзақ мерзімді кредиттер бойынша - 11,5%-ке (13,1%)** дейін төмендейді.

Кәсіпорындарға кредиттер бір жыл ішінде **1,5%-ке** азайғанмен, **шағын бизнеске кредиттер 19,3%-ке** немесе **406,4 млрд теңгеге** артты. **Халыққа кредиттер** ипотекалық кредиттер портфелінің **34,3%-ке** немесе **606 млрд теңгеге** ұлғаюы есебінен **13,0%-ке** өсті.

2021 жылы **Ұлттық Банктің 2023 жылдан бастап экономиканы қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларынан кезең-кезеңімен шығуын** ескере отырып, **экономиканы кредиттеудің нарықтық қағидаттарын** дамыту үшін қажетті жағдайлар жасалатын болады.

(МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ БАСТАМАЛАРЫ)

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Ұлттық Банк Сіздің бастамаларыңыздың шеңберінде мынадай дағдарысқа қарсы бағдарламаларды іске асыруда.

1. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасын қаржыландыру **1 трлн** теңгеге дейін **400 млрд** теңгеге кеңейтілді. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша екінші деңгейлі банктерге **1 трлн** теңгеге **1 373** өтінім келіп түсті, банктер **516 млрд** теңге қарыз берді.

2. Кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы Сіздің тапсырмаңыз бойынша **800 млрд** теңгеге дейін кеңейтілді және **2021 жылдың соңына дейін** ұзартылды. 2020 жылы банктер **528 млрд** теңге сомасына **1 393** кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландырды (оның ішінде **136 млрд** теңге бұрын берілген қарыздарды өтеуден түскен ақша есебінен).

3. Жұмыспен қамту-2020 жол картасы шеңберінде бағдарламада көзделген **1 трлн** теңгеден Ұлттық Банк **700 млрд** теңге қаржыландырды (нәтижесінде 2020 жылы **239 мың** адам уақытша жұмыспен, **6,6 мың** адам – тұрақты жұмыспен қамтылды).

(ҰЛТТЫҚ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІН ДАМУ)

2020 жылы коронавирус және онлайн-қызметтерге сұраныстың артуы жағдайында қолма-қол ақшасыз төлемдердің **35,3 трлн** теңгеге дейін **2,5 есе** айтарлықтай өсуі байқалды.

Сіздің тапсырмаңызды іске асыру мақсатында **Ұлттық төлем жүйесін дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы** қабылданды, оның шеңберінде 2021 жылы

мезеттік төлемдер жүйесін және төлем карточкаларының банкаралық жүйесін құру бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Аталған шараларды іске асыру қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдау **шығындарын 2 есе төмендетуге**, ел ішіндегі **төлемдерді жеделдетуге** және қолма-қол ақшасыз төлемдерді **пайдалануды кеңейтуге** мүмкіндік береді.

(ҚАРЖЫЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЦИФРЛАНДЫРУДЫ ДАМУ)

2020 жылы цифрлық қаржы нарығының іргетасын қалау мақсатында **2020-2025 жылдарға арналған қаржылық технологиялар мен инновацияларды дамыту жөніндегі тұжырымдама** қабылданды.

Жаңа платформа енгізіліп, соның көмегімен онлайн-сервистерді пайдалана отырып, веб-портал арқылы қаржы нарығының субъектілерінен есептілікті қабылдаудың электрондық форматына толық көшу жүзеге асырылды.

2020 жылы Ұлттық Банк 28 орталық банкті қамтитын халықаралық жұмыс тобының құрамында **өзінің цифрлық валютасын** енгізу мүмкіндігін зерделеу жұмысын бастады.

2021 жылы Ұлттық Банк **цифрлық инфрақұрылымды** дамыту, **активтер мен тәуекелдерді басқару жүйесін**, реттеуші ортаны енгізу жұмысын жалғастыратын болады.

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

2021 жылы Ұлттық Банк Үкіметпен бірлескен жұмыс шеңберінде баға тұрақтылығын және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ экономиканы қалпына келтіру үшін

қолайлы жағдайлар жасау мақсатында **ақша-кредит және фискалдық саясатты үйлестіруді** күшейтеді.

Бірлескен үйлестірілген әрекеттер инфляцияның тұрақты түрдегі төмен деңгейін қамтамасыз ете отырып, инвестициялар ағыны мен халықтың әл-ауқатын арттырудың кепілі болады, елдің экономикалық дамуына ақша-кредит саясатының ықпал ету әлеуетін күшейтуге мүмкіндік береді.

Назарларыңызға рақмет!